

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 3 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 қарашада № 25416 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 8 қарашадағы № 01-20/302 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Буревестник ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын:

Буревестник ауылы мына мекенжайлар бойынша: Молодежная көшесі, 16 үй, Озерная көшесі, 1 үй, Набережная көшесі, 47 үй.

2. Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 14 шілдедегі № 3 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23696 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Буревестник ауылының әкімі

А. Дадаев